

Зейнеп Базарбаева¹, Дидар Садық², Назгүл Оспанғазиева^{3*}¹филология ғылымдарының докторы, профессор, академик,

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0003-1141-1027 E-mail: zeynepmb@mail.ru

²докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0002-8271-7165 E-mail: sadyk_didar@mail.ru

^{3*} автор-корреспондент, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0001-8875-5747 E-mail: nb_ospangazievan@inbox.ru

ҚАЗАҚ АУЫЗША МӘТІНІНІҢ ТРАНСКРИПЦИЯСЫ ТУРАЛЫ

Аңдатпа. Ұсынылған мақалада транскрипция ұғымы, оның түрлері және ауызша мәтіндегі транскрипцияның қолданылу жайы сөз болады. Ғылыми әдебиеттерде транскрипция белгілі бір тілдегі дыбыс элементтерін (фонема, аллофон) дәл бейнелеп көрсету үшін пайдаланылатын шартты белгі деп беріледі. Ауызша сөзде фонетикалық процестердің негізгі ерекшелігі дыбыс құбылыстарының вариативтілігімен байланысты. Сөз ағымындағы созылықтылық пен үдемелілік ұлғайғанда немесе азайғанда, көрші дыбыстардың әсерінен дауыссыздар қатаңға немесе ұяңға айналғанда, дауыссыздардың ассимиляциясында, дауысты дыбыстардың редукциясында, жалпы артикуляция әлсіреген кезде негізгі бірліктердің дыбыстық қоршауы сөйлеу процесінде өзгеріске түседі. Сөз легінде дыбыстардың өзгеруін ескеріп, оларды дәл бейнелеп көрсету үшін фонетикалық және фонологиялық транскрипция қолданылады. Транскрипция – тек тілдік құрал ғана емес, ол әртүрлі тілдер мен мәдениеттер өкілдерін байланыстыратын көпір. Технологияның дамуымен бұл әдіс адам сөзін түсінуде бұрын-соңды болмаған дәлдікті ұсына отырып, тілдік кедергілерді жояды. Транскрипция – нақты дыбыстарды білдіретін арнайы белгілерді пайдаланып, сөздердің шынайы айтылуын түсіруге мүмкіндік беретін сөйлеу тілін жазудың дәл әдісі. Ауызша сөзде ой екпінінің орны, кідірістің өлшемі, дауыстың қатты немесе жай шығуы, қарқынның жылдам немесе баяу болуы, темпоралды сипаттағы кідірістің созылықтылығы мен гезитациялық кідірістің болуы және әуен сипатының аражігі ажыратылатындығы, просодикалық әрі синтаксистік жағынан бөлгенде, өзара сәйкес келмейтіндігі просодикалық транскрипция арқылы анықталады. Сонымен, фонетикалық, фонологиялық және просодикалық транскрипциялар ауызша мәтіннің сегментті-просодикалық ерекшеліктерін сипаттау үшін қолданылады.

Тірек сөздер: фонетикалық транскрипция; фонологиялық транскрипция; просодикалық транскрипция; фонема; әріп

Қаржыландыру көзі: Мақала ЖТН BR24993111 «Қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы негізінде сөз синтезі жүйесін әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Базарбаева З., Садық Д., Оспанғазиева Н. Қазақ ауызша мәтінінің транскрипциясы туралы. *Tiltany*, 2025. №2 (98). 28-37-66.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-28-37>**Зейнеп Базарбаева¹, Дидар Садық², Назгүл Оспанғазиева^{3*}**¹доктор филологических наук, профессор, академик,

Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0003-1141-1027 E-mail: zeynepmb@mail.ru

²докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-8271-7165 E-mail: sadyk_didar@mail.ru

^{3*} автор-корреспондент, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0001-8875-5747 E-mail: nb_ospangazievan@inbox.ru**О ТРАНСКРИПЦИИ КАЗАХСКОГО УСТНОГО ТЕКСТА**

Аннотация. В статье рассматривается понятие транскрипции, ее виды и использование транскрипции в устной речи. В научной литературе транскрипция представлена как передача на письме тем или иным набором письменных знаков точного обозначения элементов звучащей речи (фонем, аллофонов) определенного языка. Особенности фонетических процессов в звучащем дискурсе обусловлены высокой степенью вариативности звуковых явлений. Звуковые оболочки значимых единиц в процессе речевого производства подвергаются изменению вследствие общего ослабления артикуляции, редукации гласных, выпадению согласных, ассимиляции, озвончению или оглушению согласного под влиянием соседних звуков, увеличению или уменьшению темпа речи, интенсивности и длительности. Фонетическая и фонологическая транскрипция используется для точной фиксации изменений звуков в потоке речи.

Транскрипция – это не просто языковой инструмент, это мост, соединяющий людей с разными языками и культурами. С развитием технологий этот метод разрушает языковые барьеры, предлагая беспрецедентную точность в понимании человеческой речи. Транскрипция – это точный метод записи устной речи, позволяющий запечатлеть истинное произношение слов с помощью специальных символов, обозначающих определенные звуки. В устной речи посредством просодической транскрипции определяется место логического ударения, расхождение синтаксических и просодических средств, членения речевой последовательности, темпоральные характеристики, такие как длина пауз, наличие хезитационных пауз, продолжительность речевых отрезков, мелодические рисунки. Таким образом, фонетическая, фонологическая и просодическая транскрипции используются для описания сегментно-просодических характеристик устной речи.

Ключевые слова: фонетическая транскрипция; фонологическая транскрипция; просодическая транскрипция; фонема; буква

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования ОГРН BR24993111 «Разработка системы синтеза слова на основе орфоэпической нормы казахского языка».

Для цитирования: Базарбаева З., Садык Д., Оспангазиева Н. О транскрипции казахского устного текста. *Tiltanyim*, 2025. №2 (98). С. 28-37. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-28-37>

Zeynep Bazarbayeva¹, Didar Sadyk², Nazgul Ospangaziyeva³

¹Doctor of Philology, Professor, Academician, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0003-1141-1027 E-mail: zeynepmb@mail.ru

²Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-8271-7165 E-mail: sadyk_didar@mail.ru

^{3*}Corresponding author, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-8875-5747 E-mail: : nb_ospangazievan@inbox.ru

ON THE TRANSCRIPTION OF KAZAKH ORAL TEXT

Abstract. The article examines the concept of transcription, its types and the use of transcription in oral speech. In scientific literature, transcription is presented as a transmission in writing by a particular set of written signs for the precise designation of elements of spoken speech (phonemes, allophones) of a certain language. The peculiarities of phonetic processes in sound discourse are determined by the high degree of variability of sound phenomena. Sound shells of significant units in the process of speech production are subject to change due to the general weakening of articulation, reduction of vowels, loss of consonants, assimilation, voicing or devoicing of a consonant under the influence of neighboring sounds, an increase or decrease in the rate of speech, intensity and duration. Phonetic and phonological transcription is used to accurately record changes in sounds in the flow of speech. Transcription is not just a language tool, it is a bridge that connects people across languages and cultures. With the advancement of technology, this method is breaking down language barriers, offering unprecedented accuracy in understanding human speech. Transcription is an accurate method of recording spoken language that captures the true pronunciation of words using special symbols to represent specific sounds. In oral speech, prosodic transcription is used to determine the place of logical stress, the divergence of syntactic and prosodic means, the division of the speech sequence, temporal characteristics such as the length of pauses, the presence of hesitation pauses, the duration of speech segments, and melodic patterns. Thus, phonetic, phonological and prosodic transcriptions are used to describe the segmental-prosodic characteristics of oral speech.

Keywords: phonetic transcription; phonological transcription; prosodic transcription; phoneme; letter

Source of financing: The article was prepared as part of the program-targeted financing of the OGRN BR24993111 “Development of a word synthesis system based on the orthoepical norm of the Kazakh language”.

For citation: Bazarbayeva, Z., Sadyk, D., Ospangaziyeva, N. On the Transcription of Kazakh Oral Text. *Tiltanyim*, 2025. No. 2 (98). P. 28-37. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-28-37>

Кіріспе

Әрбір халықтың әдеби тілінде айтылудың жалпыға бірдей ортақ және қалыптасқан бірыңғай нормалары болады. Қазіргі кезде сөйлеу тілі қоғамда ерекше мәртебеге ие болып, оның әлеуметтік мәнділігі күшейе түсті. Ауызша сөз электрондық коммуникациялық жүйелерде, аудиовизуалды бұқаралық ақпарат құралдарында, сахна өнерінде тілдік қарым-қатынастың негізгі құралы болып отыр. Қазіргі заманғы қазақ әдеби тілінің сөйлеу нормалары жүйесі жаргоннан, сөйлеу тілінен, жергілікті тілден ерекшеленеді. Дұрыс айту ережелерінің жиынтығы орфоэпия деп аталады. Қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы ертеден-ақ қалыптасып, қазіргі күнде белгілі бір жүйеге түскендігі байқалады және тілдің орфоэпиялық нормасының функциясы кеңейді. Әрбір әдеби тілдің орфоэпиясы дыбыстар мен дыбыс тіркестерін, сөйлемдегі сөздерді, оған қосылатын

қосымшаларды дұрыс айту ғана емес, сонымен бірге сөздер мен фразаларды, дауыс екпіні мен сөйлеу сазын да өз орнында қолдана білу сияқты күрделі мәселелерді қамтиды. Демек, орфоэпияны әдеби айтылуды белгілейтін ережелер жиынтығы ретінде анықтауға болады, ал дұрыс айтуға қол жеткізу үшін жазудың ерекше түрі болып табылатын *транскрипцияның* рөлі ерекше. Ол тіл дыбыстарын дәл жеткізу үшін қолданылады. Транскрипцияның шет тілін үйретуде маңызы зор. Ол сөздердің шын мәнінде қалай дыбысталатынын түсінудің кілті болып табылады. Негізінде фонетикалық транскрипция сөйлеу тілін жазудың жүйелі тәсілі болып табылады. Стандартты жазудан айырмашылығы – бұл әдіс сөздердің айтылуын дәл көрсету үшін арнайы белгілерді пайдаланады. Тіл мамандары транскрипцияны тіл заңдылықтарын, айтылу мен дыбыстық өзгерістерді зерттеу үшін пайдаланады. Тіл үйренушілер сөздердің қалай дыбысталуы керек екенін түсіну үшін транскрипцияға сүйенеді. Логопедтер оны талдау және айтылуды түзету үшін пайдаланады. Фонетикалық транскрипция тілдік кедергілерді жойып, дерексіз дыбыстарды нақты дыбыстарға айналдырып, адамның қарым-қатынасында үлкен рөл атқарады.

Транскрипция – сөз дыбысының графикалық жазбасы. Бұл әсіресе сөздері басқаша жазылатын және айтылатын тілдерде тіл үйренуші үшін пайдалы. Мысалы, қазақ тіліндегі *сия* [сыйа] сөзі 4 дыбыстан және тек үш әріптен тұрады. Осы дыбыстарды транскрипция арқылы көрсетуге болады: [syia]. Ондағы әрбір таңба жазбадағы жеке дыбысты білдіреді. *Транскрипция* латынның *transcriptio* сөзінен шыққан, ол «қайта жазу» дегенді білдіреді. Расында да, транскрипциялау кезінде, яғни транскрипция көмегімен жазу кезінде орфографиялық жолмен жазылған сөздер мен сөйлемдерді қайта жазады. Алайда ауызша сөйлеуді жазу кезінде фонетикалық транскрипция бастапқы жазба болып табылады.

Материал және әдістер

Әлемде бірнеше транскрипция жүйесі бар. Латын әліпбиінің әріптеріне негізделген транскрипция кейде басқа алфавиттердің кейбір әріптерін (мысалы, грек ϵ , γ) және кейбір арнайы таңбаларын (мысалы, ρ , φ , ω) қамтиды. Кезінде Халықаралық фонетикалық қауымдастықтың транскрипциясы құрылды. Бұл транскрипция еуропалық тілдерде сәтті қолданылады. Кирилл әліпбиінің негізінде Ресейде 1936 жылы орыс фонетикалық транскрипция жасалды. Өткен ғасырдың сексенінші жылдары жасалған түркі транскрипциясы «Советская тюркология» ғылыми журналында жарияланған. Қазақ әліпбиіне негізделген түркі транскрипциясы қазір де жиі қолданылады, онда әріптер өздерінің негізгі алфавиттік мағыналарында алынады және дыбыстардың ерекшеліктерін білдіретін қосымша белгілер енгізіледі. Жіңішке дауыссыздарды көрсету үшін әріптің оң жағындағы «апостроф» белгісі қойылады b' , d' , m' , еріндік дауыссыздардың он жағында дөңгелек белгісі қойылады j^0 , s^0 , m^0 , мұрын дауыссызын белгілеу үшін әрпінің үстіне $\tilde{}$ “тильда” деген диакритикалық таңба қойылады, дауысты дыбыстардың созылықтылығын әрпінің оң жағындағы қос нүкте белгілейді $a:$, $e:$, $o:$.

Әртүрлі міндеттерге байланысты транскрипцияның екі түрі қолданылады: фонетикалық және фонематикалық, олар фонемалар және аллофондар туралы түсініктермен байланысты. Тіл дыбыстарын реңктерімен акустикалық және артикуляциялық аспектілерінде жеткізу қажет болса, онда әрбір аллофон арнайы таңбамен белгіленетін фонетикалық транскрипция қолданылады, сондай-ақ сөйлеудің дыбыстық ерекшелігі транскрипцияда дәл көрсетіледі. Шет тілінің дыбыстық жағын зерттегенде кәдімгі алфавиттік белгілер ыңғайсыз, өйткені сөздердің дыбысымен корреляция жасау қиын, әсіресе еуропалық тілдер үшін дыбыс пен әріп арасында нақты байланыс жоқ. Сондықтан фонетикада арнайы дыбыс жазуын фонетикалық транскрипциялау кеңінен қолданылады. Фонетикалық транскрипция қойылған мақсаттарға байланысты неғұрлым толық болуы мүмкін.

Фонетикалық транскрипцияның негізгі принципі – әрбір дыбыс үшін бір ғана белгі қабылданады, онда белгіні тек бір жолмен оқуға болады, яғни фонетикалық транскрипцияда жазылғанның мағынасына қарамастан таңба мен дыбыстың қатаң сәйкестігі байқалады. Фонетикалық транскрипция әртүрлі тілдердің дыбыс ерекшелігін белгілеу үшін пайдаланылуы тиіс. Ол сөйлеу дыбыстарының әмбебап фонетикалық классификациясына негізделген және мұндай жіктеудің негізінде жатқан жалпы принциптермен байланысты. Транскрипцияда жалқы есімдерге немесе сөйлем басында бас әріптерді қолдануға болмайды, мысалы, гүл атымен бірдей дыбыстардан тұратын *Раушан* есімі транскрипцияда кіші әріппен жазылады.

Аудиторлық анализдер негізінде қолжетімді нәтижелерді алу үшін жұмыста интонологиялық, фонологиялық, артикуляторлы-акустикалық зерттеу әдістері қолданылады. Зерттеу жұмысы төмендегідей кезеңдерден тұрады: экспериментті материалды жинау және жазу, арнайы бағдарлама арқылы аудиторлық және эксперимент материалына фонетика-фонологиялық, просодикалық анализ жүргізіп, оларға лингвистикалық интерпретация жасау. Аудиторлық талдау кезінде фонологиялық сипатқа фонеманың аллофондары, олардың комбинаторлық сипаты мен позициясы, кідіріс, тон, темп, дауыс қаттылығы сияқты просодикалық құралдар және жылдам-баяу, жоғары-төмен, қатты-ақырын сияқты салыстырмалы-қатыстық сипаттар жатады. Аудиторлық талдау барысында ауызша мәтіндегі кідірістің локализациясы анықталады.

Аудиторлық талдаудың негізгі мақсаты – мәтінді синтагма мен фонетикалық сөзге бөліп, екеуінің аражігін анықтау. Сөз ағымын сегментке бөлген кезде мейлінше үлкен көлемдегі сөйлеу сегменттерінің (фраза, синтагма, ритмикалық топ) аражігі сипатталып, фонема мен буын сияқты сегменттер де қамтылып, сипатталады. Мәтінді сегментке бөлу сөзтанымда маңызды мәселенің бірі болып табылады. Бұл үздіксіз сөз толқыны мен тілдің дискретті бірлігінің арасындағы қатысын анықтайды. Сегментті-просодикалық бірліктердің әртүрлі вариацияда айтылуы, олардың фонетикалық өзгерісі, фонема мен интонома модификациялары фонетика-фонологиялық және просодикалық транскрипция арқылы беріледі.

Әдебиетке шолу

Транскрипциялар алфавиттік және алфавиттік емес болуы мүмкін. Алфавиттік транскрипциялар дыбыстың немесе фонеманың акустикалық әсерін жазады. Аналфавиттік транскрипция сөйлеу дыбысының акустикалық сипаттамасын емес, оның артикуляциясын жазады. Аналфавиттік транскрипцияны «аналитикалық» деп те атайды. Аналфавиттік транскрипцияны Бодуэн де Куртене, О. Эсперсен, Ф. де Соссюр, Н.Я. Марр, А.М. Белл, Н.А. Свит қолданған. Сонымен, Ф. де Соссюр фонемаларды сипаттағанда, аналфавиттік транскрипцияны пайдалана отырып, олардың артикуляциялық сипаттамаларын береді (Saussure, 1977). А.М. Белл жеке органдардың жұмысын көрсететін арнайы белгілерді ойлап тапты (Bell, 1894). Оның транскрипция жүйесінде 61 таңба болды. Бұл дыбыстардың барлық негізгі түрлерін анықтау үшін жеткіліксіз болды. Свит Белл жүйесін дамытып, белгілердің санын 109-ға дейін арттырды (Sweet, 2009). Ерікті түрде ойлап табылған белгілерге негізделген бұл жүйе қазіргі тіл мамандары арасында мойындалған жоқ.

Алфавиттік транскрипцияда фонетикалық транскрипцияның белгілері қазіргі латын және кирилл әріптері, сонымен қатар қосымша әріптер мен диакритика таңбаларына негізделген. Транскрипция жүйелерінің көпшілігінде кең таралған латын әліпбиі пайдаланылады және басқа алфавиттердің белгілерімен қосымша толықтырылады (Кибрик, Майсак, 2021).

Тіл мамандары үшін транскрипцияны қолданудың маңыздылығы жөнінде жалпы фонетика саласында танылған беделді Л.В. Щерба: «Для лингвистов транскрипция кроме чисто практического значения при обучении языку имеет еще и огромное теоретическое значение. Она является единственным способом преодоления того смешения звука с буквой, которое так характерно для всякого грамотного человека и которое психологически состоит в том, что два ряда образов – зрительный и слуховой – составляют неразрывное целое, заменяя друг друга. Между тем преодоление этого смешения, то есть осознание самостоятельности каждого из этих двух рядов, является краеугольным камнем лингвистического образования. Человек, не сделавший этого шага не может считаться лингвистом» (Щерба, 1974: 166) – деп, көрсеткен болатын.

Нәтижелер және талқылау

Әртүрлі мүшенің әсерінен көрші дыбыстардың негізгі сипаты жасалып, коартикуляция құбылысы орын алады, нәтижесінде тілдік құбылыстың фонетикалық қасиеті мейлінше өзгереді. Сөз ағымындағы фонемалардың модификациясы әртүрлі себепке байланысты болады. Ол себептерге жеке адамның сөйлеу мәнері, жеке стильдік қолданысы, фонетикалық сипаты жатады. Фонетикалық сипаттың негізгі себептері сөз ағымындағы фонемалардың өзара әсерінен пайда болады. Себебі көрші дыбыстардың әсерінен фонемалардың дыбысталуы өзгеріп, нәтижесінде варианттар мен вариациялар пайда болады. Фонемалардың аллофондарын дәл көрсету үшін фонетикалық транскрипция пайдаланылса, инвариант фонема фонематикалық транскрипция арқылы белгіленеді (Tappen et al., 2015).

Фонетикалық транскрипцияда дыбыстардың фонетикалық ерекшеліктері ескеріліп, бір фонеманың әртүрлі жүзеге асуы фонетикалық сапасына қарай белгіленеді. Фонетикалық транскрипция белгілері әдетте төртбұрышты жақшаға алынады. Қазақ тілінде фонетикалық транскрипцияда дауысты дыбыстардың жіңішкелігін (алдыңғы қатар) және жуандығын (артқы қатар), езулігін және еріндігін, француз тілінде дауыстылардың ашық және жабық дәрежесін, мұрындық қасиетін, сондай-ақ әртүрлі аллофондарды белгілеуге болады. Орыс тілінде көршілес дауыссыздардың ұяң және қатаң қасиеттеріне байланысты дауыстылардың әртүрлі аллофонына назар аудару керек (Самарин, 2020).

Фонетикалық және фонематикалық транскрипциялар тілді сипаттау моделі екі деңгейге қатысты: аллофондар деңгейі және фонемалық инварианттар деңгейі. Фонематикалық транскрипция бір фонеманың барлық аллофондары бір таңбамен көрсетілген кезде фонемалардың құрамы анықталады (Kibrik et al., 2020). Фонематикалық жазуда тек морфемдерді айыратын, бір сөзді екіншіден ажырататын, демек, басқа бір мағынаға ие болатын дыбыстық қасиеттер ғана беріледі. Фонематикалық жазу арқылы дыбыстың негізгі реңкі таңбаланып, морфеманың бірлігі қамтамасыз етіледі (Суперанская, 2018).

Ауызекі сөйлеудің алуан түрлерін беретін фонематикалық транскрипция барлық акустикалық және артикуляциялық сипаттарды толығымен есепке ала алмайды, өйткені фонетика адамзат сөйлеуінің барлық мүмкін болатын дыбыстарын емес, тек дыбыстардың типтерін белгілейді. Фонемалардың барлық нұсқасын көрсету мүмкін емес. Фонематикалық транскрипция басқа тілде сөйлеушінің бейтаныс немесе нашар түсінетін тілді қабылдауын жазу үшін қызмет етеді. Тіл маманы бейтаныс тілдегі мәтінмен алғаш рет бетпе-бет келгенде өзінің тілдік санасына, ана тілінің дыбыстық бейнелеу жүйесіне, таныс дыбыстық қорына сүйенеді. Тіл дыбыстары естумен қабылданатындықтан, ол адам санасының фактісіне айналады. Әр адамның санасында, жадында дыбыстардың үлгілері мен көріністері сақталатындығы белгілі. Тілдің фонологиялық жүйесі фонологиялық «електен» өтіп, бір фонеманың айрықша белгісі сақталады (Зиндер, 1979). Басқа бір тілдің сөздерін естігенде, біз өз тіліміздің фонологиялық қорына сүйенеміз. Біздің фонологиялық елегіміз басқа тілдердің дыбыс қорына жарамайтын болғандықтан, көптеген қателер, олқылықтар кездеседі. Осындай жағдайда фонологиялық интерференция деген құбылыс орын алады. Интерференциялық қателерді жібермеу үшін транскрипцияны пайдалану қажет.

Жазу сөйлеу дыбыстары арқылы таңбаланумен берілетіні белгілі. Дегенмен әріптер дыбыстарға дәлме-дәл сәйкес келуі мүмкін емес. Жазу үшін ең маңыздысы ойдың мазмұнын сақтау болып табылады. Әлемнің көптеген тілінде дәстүрлі әріп жазуы мен дыбыс арасындағы байланыс өте күрделі. Қазақ тілінің айтылу нормасы жөнінде әртүрлі пікір де жоқ емес. Біреулері қазақ тілі қалай айтылса, солай жазылады, айтылу мен жазылу ортасында айтарлықтай алшақтық жоқ деп қарайды. Әлбетте, бұндай пікірлермен келісуге болмайды. Бұл әсіресе сөйлеу процесі мен жазудағы орфографиялық норманы салыстырғанда анық байқалады. Мысалы, қазақ тілінде *e*, *o*, *ö* дауыстылары сөздің басында ашық дифтонгоид сапасында айтылады: *erke* [ʔerke], *esik* [ʔesik], *oraq* [ʔoraq], *oramal* [ʔoramal], *önim* [ʔönüm], *ömir* [ʔömür] (Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы, 2004: 73). Сөз құрамындағы дыбыстар немесе сөздердің аралығындағы дыбыстар бір-бірімен өзара үндесіп, үйлесе айтылады. Сөйлеуде олардың үндестігін сақтап, нақышына келтіре айту үшін тілдің дыбыстық жүйесінің табиғатын, дыбыстардың бір-біріне әсер ету заңдылықтарын жете білу қажет. Сөздер мен сөз тіркестерінің жазылуы мен айтылуының бір-біріне әрқашан сайма-сай келе беруі шарт емес, сондықтан бір тілде сөйлегенде және жазғанда қате жібермеу үшін транскрипция пайдаланылады.

Көбінесе бір әріп әртүрлі дыбысты білдіреді. Қазақ тілінде *n* әрпі [n], [ñ] және [m] дауыссыздарына сәйкес келеді: *nan* [nan], *tüŋgi* [tüŋgi], *künbaŋys* [kümbaŋys], яғни *n* әрпі сөздегі позицияға байланысты [m] және [ñ] дауыссыздарына айналады: *senbeidi* деп жазылады [sembeidi] деп айтылады, *könbeidi* деп жазылады [kömbeidi] деп айтылады, *tüŋgi* деп жазылады [tüŋgi] деп айтылады. *Z* әрпі [z], [s], [ʃ] және [j] дауыссыздарына сәйкес келеді: *kezek* [kezek], *sezse* [sesse], *qobyzşu* [qobyzşu], *qyz jibek* [qyzjibek], яғни *z* әрпі сөздегі позицияға байланысты үш нұсқасында жүзеге асырылады: [s], [ʃ], [j]. Жазылуда *qazsa*, айтылуда [qassa], *tazşu* [taşşu], *söz jasū* [söjjasū]. *S* әрпі [ʃ] дауыссызының алдында өзгеріп, сол дыбыс түрінде айтылады: *qosşu* деп жазылады [qoşşu] деп айтылады, *basşu* деп жазылады [başşu] деп айтылады. *K* және *q* әріптері сөздегі қоршаған

дыбыстарға байланысты айтылуында өзгеріп тұрады: *kök oramal* деп жазылады, [kögoramal] деп айтылады, *aq ala* деп жазылады, [ağala] деп айтылады (Аралбаев, 1988: 95).

A, i, y, e, o, ö дауысты дыбыстар позицияға байланысты өзгеріп тұрады: *a*→*ä*, *i*→*ii*, *y*→*ü*, *e*→*ë*, *e*→*ie*, *o*→*uo*, *ö*→*ö*: *şai* деп жазылады, [şäi] деп айтылады, *jüzim* деп жазылады, [jüzüm] деп айтылады, *qulyn* деп жазылады [qulun] деп айтылады, *köilek* деп жазылады [kölök] деп айтылады, *emle* деп жазылады, [emle] деп айтылады, *otan* деп жазылады, [uotan] деп айтылады, *örik* деп жазылады, [uörik] деп айтылады.

Француз тілінде *o* әрпі [ɔ] және [o] дауыстыларына сәйкес келеді: *photo* [fɔto], *e* әрпі [e], [œ] және [ɛ] дауыстыларына сәйкес келеді: *tes* [te], *me* [mœ], *sept* [set], орыс тілінде *и* әрпі [и] және [ы] дауыстыларына сәйкес келеді: *сиди* [сиди], *цирк* [цирк], *д* әрпі [д] және [т] дауыстыларына сәйкес келеді: *дом* [дом], *сад* [сат].

Сонымен қатар бір дыбысты жазу үшін әртүрлі әріп қолданылады. Қазақ тілінде [ä] дауыстысы *ä* және *a* әріптеріне сәйкес келеді: *täte* [täte], *şai* [şäi], француз тілінде [i] дауыстысы *i* және *y* әріптеріне сәйкес келеді: *vie* [vi], *cycle* [sikl], орыс тілінде [z] дауыстысы *z* және *s* әріптеріне сәйкес келеді: *звонок* [звонок], *сдвиг* [сдвиг].

Екі немесе одан да көп дыбыс тіркесімі бір әріппен жазылады. Қазақ тілінде [üu], [üu] дыбыстарының тіркестері *u* әрпін білдіреді: *baru* [barüu], *kelu* [kelüu], сондай-ақ [yi], [ii] дыбыстарының тіркестері *i* әрпін білдіреді: *mi* [myi], *bi* [bi]. Орыс тілінде [йа], [йу] дыбыстарының тіркесімі *я* және *ю* әріптерін білдіреді: *яма* [йама], *юла* [йула]. Кейде бірнеше әріптің тіркесімі бір дыбысты білдіреді: француз тілінде *eai* әріптерінің тіркесімі [o] дыбысын білдіреді *beau* [bo].

Әрбір тілде оқу мен жазудың азды-көпті күрделі ережелері, тілдің дыбыстық және жазбаша түрлерін корреляциялау ережелері болады. Сонымен қатар әртүрлі тілдегі бірдей әріптер әртүрлі дыбыстық мағынаға ие. Мысалы, қазақ және басқа латын графикасына негізделген түркі әліпбиінде *q* әрпінің дыбыстық мағынасы еуропалық тілдерге қарағанда өзгеше. Түрік және әзербайжан тілдерінде айтылуындағы *c* әрпінің еуропалық тілдердегі бір әріппен ешқандай ортақтығы жоқ. Француз тілінде *c* әрпі алатын орнына байланысты *s* және *k* ретінде айтылуы мүмкін: *merci* [mersi], *cil* [sil], *coq* [kək], *correct* [kɔrɛkt]. Фонема өз варианттары мен вариацияларында көрініс табады. Фонема аллофондарының пайда болуының ең басты себебі – фонетикалық жағдайлар: буындардың түрлері, екпіннің орны мен табиғаты, сөз ағымындағы фонемалардың өзара қарым-қатынасы және сөздің басы мен аяғы. Фонема түрленімінің заңдылықтары әр тілдің өзіне тән ерекшеліктерімен байланысты болады. Бір тілде сөйлейтіндердің жадында фонемалары сақталып, фонетикалық құбылыстар нәтижесінде пайда болатын фонема сол тілде сөйлейтіндердің сөздерінде көрініс табады. Түрлі позицияға байланысты бір фонеманың бірнеше реңкін транскрипция арқылы көрсетуге болады.

Фонетикалық және фонологиялық транскрипциядан басқа суперсегменттік фонетиканы зерттеуде кеңінен қолданылатын просодикалық транскрипция да бар. Просодикалық транскрипция мәтін көлемінде қолданылып, оның интонация ерекшеліктері жайында хабар береді (Аманбаева, Жумабаева, 2023).

Интонация компоненттері болып саналатын пауза, қарқын, әуеннің жоғарылау, төмендеу сияқты түрлерін жазу тілінде белгілейтін – тыныс белгілері. Сөйлеу тілінде әуен, қарқын, үдемелік, тағы басқа сол сияқты просодикалық тәсілдер айтылатын ойды түсіндіру үшін қандай үлкен қызмет атқарса, жазу тілінде тыныс белгілері сондай маңызды қызмет атқарады (Базарбаева, 2008). Сондықтан сөз түсінікті болу үшін тыныс белгілерін «жаза» да, «оқи» да білу керек. Жазуда айтушының ойы, сезімі, пікірінің рең бояуы тек қана пунктуация арқылы беріледі, ал оқушы қойылған тыныс белгісін көреді де, сол айтушының ойындай етіп қабылдайды. Демек, тыныс белгілері мәтінді көріктендірумен бірге тек грамматикалық құрылысының көрсеткіштері ғана емес, сөйлеу тіліндегі просодикалық тәсілдерінің де көрсеткіштері бола алады. Мәтінді оқығанда тыныс белгілері әуеннің көтерілуі мен бәсеңдеуін, қарқынның өзгеруінің көрсеткіштері болып, мәтінді бөлшектерге бөліп, мүшелеп, мазмұнын түсіндіру үшін үлкен қызмет атқаратынын айтып кету керек. Пунктуация арқылы жазылғанды дұрыс оқуға әрі дұрыс түсінуге мүмкіндік туады. Демек, жазу тілінде тыныс белгілері қолданса, сөйлеу тілінде олар просодикалық тәсілдерінде, логикалық байланыстарда көрініс табады. Қазақ пунктуациясының негізгі қызметі – тілдің ішкі заңдылықтарына сүйеніп, сөйлеуді сөйлемдерге, сөйлемдерді белгілі бөліктерге бөліп, ажыратып

жазу және оларды дұрыс мәнерлеп, нақышына келтіріп оқуға, сонымен бірге жазылған ойды я оның бөлшектерін дұрыс түсінуге мүмкүндік жасау.

Сонымен, тыныс белгілерінің негізгі қызметі ауызекі сөзде болатын түрлі интонациялық компоненттерге (әуен, кідіріс, тоналды диапазон, қарқын т.б.) сәйкес айтылған ойды бөлшектеп, мағынаны түсінуге жазылған мәтінді ажыратып оқуға дәнекер болады. Сөйлеуші ойды бірнеше сегменттерге мүшелеп, үлкенді-кішілі кідіріс жасап, сөйлемнің мағыналық-интонациялық қасиетіне қарап, өзіне лайық тыныс белгісін қояды. Ауызша мәтінде тыныс белгілерін просодикалық транскрипция арқылы көрсетуге болады.

Сондықтан тыныс белгілері тек дұрыс жазудың ғана құралы емес, дұрыс оқудың да, дұрыс түсінудің де құралы екені сөзсіз. Сөйлем соңында келетін тыныс белгілері мәтіндегі сөйлемдерді бір-бірінен ажыратып қана қоймай, оның қандай коммуникативтік мақсатпен және соған сәйкес қандай интонациямен айтылғандығын көрсетеді. Бұнда просодикалық транскрипцияның негізгі тон жиілігінің бағыттарын көрсететін шартты таңбалар пайдаланылады. Сөйлемнің ортасында келетін тыныс белгілері просодикалық тәсілдермен тығыз байланысты: әуеннің көтерілу-бәсеңдеуі, қарқыны, тоналды диапазоны, кідірістер, жазба тіліндегі тыныс белгілерінің аузекі тілдегі көрсеткіштері.

Интонациялық қызметіне байланысты тыныс белгілері екі топқа бөлінеді: паузалық және тоналды. Тыныс белгілердің көбісі бірнеше функцияны атқарады, бірақ солардың ішінде бір функциясы негізгі болады. Кідірістік тыныс белгілеріне нүкте, нүкте-үтір, үтір жатады. Ал әуендік тыныс белгілеріне – сұрақ белгі, лепті белгі, көп нүкте, қос нүкте, тырнақша, сызықша, жақша жатады. Тыныс белгілері сөйлемнің қандай бөлшектерден құралғандығын, оларды қандай ырғақпен, қандай мәнермен, қандай сазбен оқу керегін, қай жерде кідіріс барлығын байқату қызметін атқарады. Осының бәрін көрсететін просодикалық транскрипция элементтерінің мәні зор. Сонымен, интонация сөйлеу тілінде естілуімен қатар, жазба тілінде (сөйлемде, мәтінде) «оқылады». Себебі жазушының өзі жазып отырғанын басқалар оқығанда қалай естілетінін, оның қандай интонациямен айтылатынын біліп, тиісті тыныс белгілерін қойып отыруының себебі сонда болса керек. Алайда тыныс белгілері мен просодикалық тәсілдер бір-біріне тікелей емес, жанама түрде байланысады. Олардың арақатынасы күрделі және сан қырлы.

Жаңа бір тілмен танысып, оны зерттеу не үйрену барысында оқушы не зерттеуші сөйлеу тілінің просодикалық тәсілдерімен танысады. Просодикалық тәсілдер негізінен тілдердің қай-қайсысында да сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай ажыратуға қатысады. Барлық тілде үдемеліктің молаюы да, негізгі тон жиілігінің көтерілуі де адамның артикуляциялық аппаратындағы дауыс желбезегіне түсетін физиологиялық әсердің механизмімен автоматты түрде байланыста қаралатыны белгілі. Сондықтан просодикалық тәсілдердің барлық тілде әмбебап болуының себебі адамдардың сөйлеу аппаратының жалпы физиологиялық қасиеттерінің бірдейлігіне байланысты болса керек. Барлық тілдердегі синтагмалар арасындағы мағыналық қарым-қатынасты білдірудің әмбебап әдісі болып просодикалық тәсілдердің әуені, қарқыны, кідірісі саналады. Мысалы, синтагманың соңғы сөзіне түсетін тонның бәсеңдеуі барлық тілде аяқталу, яғни тиянақтылық әуені болып табылады, ал фразаның соңындағы тонның көтерілуі аяқталмағандықты, тиянақсыздықты білдіреді. Барлық тілде де қарқынның баяу, байсалды болуы ақпараттың маңыздылығынан хабар береді, ал қарқынның жылдам, тез болуы оның маңызының, мәнінің шамалы екенін білдіреді. Просодикалық компоненттері сөйлеу тілінің жалпы ағысын қамтып, оның сөйлемдерін, синтагма, фразаларын, басқа да фонетикалық сөздерін қалыпқа түсіріп, тиянақтап, оның үстіне олардың бәрінің басын қосып, бөлшектерден тұратын әуенін шашыратпай, бір күрделі интонациялық байламда ұстайды (Bazarbayeva, 2003).

Қай халықтың болса да просодикалық компоненттері мәтіндегі сөйлемдерді бөлшектеп, мүшеленген сегменттердің (синтагма, фонетикалық сөз, бунақ) бір-біріне қатысын ашып, анықтайды және айтқан ойды түсіндіруде де мәні зор. Сондай-ақ сөз ағымындағы дыбыстық өзгерістерді біріздендіруге, қалыптандыруға және жүйелеуге арналатын просодикалық транскрипцияның ролі ерекше.

Фонема мен интонома тілдің фонетикалық жүйесінің компоненті болуымен бірге дыбыс тізбектерінде түрленіп, әр алуан өзгерістерге түседі. Сөз ағымындағы сөз тіркестері, сөздер, дыбыстар түрлі өзгерістерге ұшырайды. Сөйлеу барысындағы фонетика-фонологиялық

құбылыстардың ерекшелігі әртүрлі мәнмен сипатталып, экспериментті әдістер арқылы тексеріледі. Фонемалардың айырым белгілерінің қасиеттері, оларға көршілес дыбыстардың және просодикалық тәсілдердің ықпалы, көкейтесті мәселелердің біріне жатады.

Просодикалық транскрипцияның өзіндік белгілері болады. Диктор оқыған мәтіндерді қазақ фонетикасының мамандары тыңдап, аудиторлық талдау жасайды. Аудиторлық талдау жасайтындар, яғни жазылған мәтінді тыңдап, оны саралап, анықтайтындар – қазақ фонетикасының мамандары. Зерттеушінің мақсатына қарай мәтін сөйлемдерге, синтагма, ырғақты топтарға, яғни фонетикалық сөздерге бөлінеді. Олардың синтагмалық, ырғақты және ой екпіні белгіленеді. Аудиторлардың алдына төмендегідей мақсаттар қойылады:

1) ең алдымен, тыңдалған сөйлемдердің интонациясына қарап, сөйлемнің қай коммуникативтік түрі екені анықталады;

2) одан кейін мәтінді фразаларға (///), оларды қанша синтагмаға (//) немесе ырғақты топқа (буақтарға) бөлінетіні белгіленеді (/);

3) олардың синтагмалық, ырғақты және ой екпіні белгіленеді;

4) интонацияның 4 деңгейіне байланысты синтагманың тоналды контуры (негізгі тон жиілігінің бағыттары) көрсетіледі: көтеріңкі ↑, бәсең ↓, көтеріңкі-бәсең ↑↓, бәсең-көтеріңкі ↓↑, бірқалыпты →;

5) синтагманың қарқыны анықталады: баяу ----- орташа, - - жылдам..... – (синтагманың жол астында белгіленеді);

6) синтагманың айтылу күші анықталады: күшеюі <, азаюы >, тең болуы = - (синтагманың арасында белгіленеді).

Мәтіндерді сегментті-просодикалық бірліктерге бөлуде ырғақты, синтагмалық және ой екпінінің мәні зор, олардың мәтінде орналасуына қарай, сөйлемнің, оның сегменттерінің мазмұны өзгеріп тұрады. Таңдалып алған мәтіннің аудиторлық талдау белгілері просодикалық транскрипция арқылы көрініс табады.

Кесте 1 – Фонетика-фонологиялық және просодикалық транскрипцияның үлгісі

Таблица 1 – Образец фонетико-фонологической и просодической транскрипции

Table 1 – A sample of phonetic-phonological and prosodic transcription

ҚАРЛЫҒАШТАР (Дулат Исабеков)

Арыс қаласында төртінші сыныпты бітіріп, жазғы демалысқа шыққан соң, жақын арадағы ауылда тұратын әжем өзімен бірге мені үйіне ертіп келді. Бұл жақ қаладан гөрі маған қызық болып көрінетін.

Әжемнің үйінің ішкі төбесінде қарлығаштың ұясы бар еді. Онда сары жағал балапандар қанат байлап, жетіліп келе жатты. Қалада қарлығаштар үйге көп ұя сала бермейтіндіктен болар, мен оларға қызықтап қарай бергім келетін.

Әсіресе қарлығаштардың таңертең сайрағандары-ақ рақат! Ұяларының ернеуінде томпиып-томпиып отырып алып, екі қарлығаш екі жерден әндеткенде, әсем үнге бойың балқып, көз жұмып, тыңдай бергің келеді. Атам да, әжем де «ой, жарықтықтар-ай» деп оларға сүйсіне қарайтын.

Бір күні осы ауылдағы Оспан деген баламен балапан аулауға шықтық. Ағаш басындағы, қираған тамдағы ұяларды бұзып, қанат қағуға жарағандарын жинап жүрміз. Жинағанда бір ыдысқа емес, Оспан олардың бәрін тыпыр-тыпыр еткізіп, көйлегінің ішіне салып жүр.

QARLYĞAŞTAR (Dulat Isabekov)

<Arys qalasynda↑< // törtünşi synypty bitirip↑< // jazğy demalysqa şyqqan soñ↑< // jaqyn aradağy / auylда turatyn äjem↑< // *özimen birge↑< // meni üyine yertip keldi↓>/// Bül jaq↑< // qaladan görü↑< // mağan qyzyq / bolüp körinetin↓>///

<Äjemniñ üyiniñ↑< // işki töbesinde <↑// qarlyğaştyñ / üiasy bar yedi↓> /// *Onda / sary jağal balapandar↑< // qanat baylap↑< // jetilip kele jatty↓>/// Qalada qarlyğaştar↑< // üyge köp / üia sala bermeytindikten bolar↑< // men olarğa↑< // qyzyqtap / qaray bergim keletin↓> ///

Äsirese / qarlyğaştardyñ↑< // tañerteñ sairagandaryaq raqat↑</// Üialarynyñ erneuinde↑< // tompiyp- tompiyp / *otyrp alyp↑< // yeki qarlyğaş↑< // yeki jerden ändetkende↑< // äsem üngö / boiyñ

balqyp↑< // köz jümüp↑< // tyñdai bergiñ keledi↓> /// Atamda↑< // äjemde↑< // «oi jaryqtyqtar-ai» dep↑< // *olarğa süisine qaraityn↓>///
 Bir күнү↑< // *osy auylдағы↑< // *Ospan degen balamen↑< // balapan aulaуға шықты↓>/// Ағаш basындағы↑< // qyiraған tamдағы↑< // üialardy büzüp↑< // qanat qaғuūға jaraғandarun↑< // jyinap жүrmіз/// Jyinaғanda↑< // bir ydysqa *emes↑< // *Ospan *olardyñ bärin↑< // typyr-typyr *etkizip↑< // köileginiñ işine salyp жүr↓> ///

Қорытынды

Сөз ағымындағы фонетикалық бірліктердің түрленімі әрқилы дыбыстық өзгерістерге ұшырайды. Демек, сөз легіндегі әрбір дыбыс фонологиялық қасиеттерімен ерекшеленіп, бір фонемаға сәйкес келеді, ал бір фонема бірнеше дыбыста көрініс табады. Дыбыстық бірліктердің әртүрлі айтылуы, дыбыстардың фонетикалық өзгерісі, фонема мен интонеманың түрленімі себептері, дыбыс өзгерістерінің жалпы типологиясы транскрипция арқылы көрінеді. Дыбыстардың сөз ағымындағы өзгеруі, кейбір фонемалардың сапалық және сандық өзгерістерге ұшырауы, олардың басқа фонемалардың қасиетін алуы анықталды. Сөз легіндегі көрініс табатын фонемалардың түрленіміне фонетика-фонологиялық талдау жасалып, дыбыстардың транскрипциясы берілді.

Фонологиялық айырым белгілердің тұрақтылығы мен тұрақсыздығы, фонетикалық заңдылықтардың түрі жан-жақты талданды. Сегментті және суперсегментті бірліктер түрленімдерінің өзгеруі сөйлеу барысында көрініс табады. Фонема өзгерістерінің құбылуын, дыбыс түрленімдерін, кейбір фонемалардың әлсіреуін, өзгеруін, түсіп қалуын, көршілес дыбыстардың қасиетін алуын, редукция, ассимиляция процестерін, фонемалардың комбинаторлық және позициялық варианттарын, фонологиялық бірліктердің әртүрлі реңкте, вариацияда айтылуын фонетика-фонологиялық транскрипция анықтап береді.

Сөз ағымындағы просодикалық тәсілдердің (кідіріс, қарқын, әуен, үдемелік) көріністері, қызметі эксперимент әдістері арқылы тексерілді. Просодикалық тәсілдердің өзгеруі, қарқынның баяулауы мен жылдамдауы, сегментті және суперсегментті бірліктер түрленімдерінің өзгеруі, интонемалардың вариант-вариациялары, адамның көңіл-күйі мен психологиясын білдіретін хезитациялық, эмоциялық, вокалданған кідірістер, сөз ағымындағы дискурстың интонациялық өрнектері – осының бәрін просодикалық транскрипция арқылы көруге болады.

Әдебиеттер

- Аманбаева А., Жумабаева Ж. Устный просодический корпус: фонетико-фонологическая и интонационная транскрипция текста. – Tiltany, 2023;(2). – С. 32-38.
- Аралбаев Ж.А. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы: Ғылым, 1988. – 144 б.
- Базарбаева З.М. Қазақ тілі: интонология, фонология. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 326 б.
- Зиндер Л.Р. Общая фонетика. – Москва: Высшая школа, 1979. – 312 с.
- Кибрик А.А., Майсак Т.А. Правила дискурсивной транскрипции для описательных и документационных исследований // Лингвистика, Rhema. – Рема, 2021. – № 2.
- Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы. – Алматы: Арыс, 2004. – 200 б.
- Самарин Д.А. Актуальность модели фонетической транскрипции В. А. Богородицкого для современной лингвистики // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2020. – Выпуск 12-1.
- Суперанская А.В. Теоретические основы практической транскрипции / Отв. ред. А.А. Реформатский. Изд. 2-е. – Москва: ЛЕНАНД, 2018. – 288 с.
- Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Ленинград: Наука, 1974. – 428 с.
- Bazarbayeva, Z.M., Zharkynbekova, S.Z., Amanbayeva, A.Zh., Zhumabayeva, Zh. T., Karshyayeva, A.A. The National Corpus of Kazakh Language: Development of Phonetic and Prosodic Markers. Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences (2023). 16(8). P. 1256-1270.
- Bell A.M. Sounds and their relations. Washington, 1894.
- Kibrik A.A., Korotaev N.A., Podlesskaya V.I. Russian spoken discourse: Local structure and prosody. In search for a basic unit of spoken language: A corpus-driven approach. H. Mello, T. Raso, A. Panunzi (eds.). Amsterdam, 2020. P. 35-76.
- Saussure F. Cours de linguistique générale. Paris, 1977.
- Sweet H. A. Primer of Phonetics. Hardcover, 2009.
- Tannen et al. The Handbook of discourse analysis. Second Edition. Vol. 1, 2. Tannen, D., Hamilton, H.E., Schiffrin, D. (eds.). Chichester, 2015.

References

- Amanbayeva, A., Zhumabayeva, Zh. (2023) Oral prosodic corpus: phonetic-phonological and intonational transcription of the text. Tiltany. No 2. P. 32-38 (in English)
- Aralbaev, Z.A. (1988) Qazaq fonetikasi boyynsha jetjudter. Almaty: Gylym, 144 b. [Aralbayev, Z.A. (1988) Etudes on Kazakh phonetics. Almaty: Gylym, 144 p.] (in Kazakh)
- Bazarbaeva, Z.M. (2008) Qazaq tili: intonologiya, fonologiya. Almaty: Zhibek zholy, 326 b. [Bazarbayeva, Z.M. (2008) Kazakh language: intonology, phonology. Almaty: Zhibek zholy, 2008. 326 p.] (in Kazakh)
- Bazarbayeva, Z.M., Zharkynbekova, S.Z., Amanbayeva, A.Zh., Zhumabayeva, Zh.T., Karshygayeva, A.A. (2023) The National Corpus of Kazakh Language: Development of Phonetic and Prosodic Markers. Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences. 16(8). P. 1256–1270 (in English)
- Bell, A.M. (1894) Sounds and their relations. Washington (in English)
- Kibrik, A.A., Korotaev, N.A., Podlesskaya, V.I. (2020) Russian spoken discourse: Local structure and prosody. In search for a basic unit of spoken language: A corpus-driven approach. H. Mello, T. Raso, A. Panunzi (eds.). Amsterdam. P. 35-76 (in English)
- Kibrik, A.A., Maisak, T.A. (2021) Rules of discursive transcription for descriptive and documentary research // Linguistics, Rhema. Rema. No. 2. (in English)
- Qazaq tilining orfojepejalıyq anyqtagyshy (2004) Almaty: Arys, 200 b. [Orthographic guide of the Kazakh language (2004) Almaty: Arys, 200 p.] (in Kazakh)
- Samarin, D.A. (2020) Relevance of V. A. Bogoroditsky's phonetic transcription model for modern linguistics // Philological sciences. Theoretical and practical issues. Issue 12-1 (in English)
- Saussure, F. (1977) Cours de linguistique générale. Paris (in French)
- Shherba, L.V. (1974) Jazykovaja sistema i rechevaja dejatel'nost'. Leningrad: Nauka, 428 s. [Shcherba, L.V. (1974) Language system and speech activity. Leningrad: Nauka, 428 p.] (in Russian)
- Superanskaya, A.V. (2018) Theoretical foundations of practical transcription / Ed. A.A. Reformatsky. 2nd ed. Moscow: LENAND, 288 p. (in English)
- Sweet, H.A. (2009) Primer of Phonetics. Hardcover. (in English)
- Tannen, et al., (2015) The Handbook of discourse analysis. Second Edition. Vol. 1, 2. Tannen, D., Hamilton, H.E., Schiffrin, D. (eds.). Chichester. (in English)
- Zinder, L.R. (1979) Obshhaja fonetika. Moskva: Vysshaja shkola, 312 s. [Zinder, L.R. (1979) General phonetics. Moscow: Vysshaja shkola, 312 p.] (in Russian)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 22.01.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 25.06.2025.

© Базарбаева З., Садық Д., Оспанғазиева Н., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025